

Көшелерді қайта атауы туралы

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Атасу кентінің әкімінің 2018 жылғы 6 қарашадағы № 03 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 16 қарашада № 5007 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына және Қарағанды облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 09 тамыздағы қорытындысына сәйкес, Атасу кентінің әкімі ШЕШТІ:

1. Жаңаарқа ауданы Атасу кентінің көшелері:

- 1) Дружба көшесін – Достық көшесіне;
- 2) Интернациональная көшесін – Бірлік көшесіне;
- 3) Лесхозная көшесін – Қараағаш көшесіне;
- 4) Мир көшесін – Бейбітшілік көшесіне;
- 5) Парковая көшесін – Саябақ көшесіне;
- 6) Транспорт орамын – Сарыарқа орамына;
- 7) II Ертіс орамын – Боранбай Бекбосынов көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкімнің міндетін атқарушы

А. Тусупов